ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1265541 сатып алу бойынша
Төмендету бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (12 У, 4565842) Мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша автомобиль көлігінің қызметтері

Тапсырыс беруші: "КазМунайГаз-Аэро" ЖШС
Ұйымдастырушы: "КазМунайГаз-Аэро" ЖШС

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	12 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша автомобиль көлігінің қызметтері, Мұнай өнімдерін автоцистерна және жартылай тіркеме-автоцстерналармен тасымалдау бойынша автомобиль көлігінің қызметтері
Қосымша сипаттама	Автоцистерналармен немесе жартылай тіркемелермен-автоцистерналармен бензин мен дизель отынын тасымалдау
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Алматы қ., г.Алматы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2027 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2.1. Қызметтердің мақсаты

Қазақстан Республикасының заңнамасы мен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының талаптарын сақтай отырып, мамандандырылған автомобиль көлігімен (автоцистерналармен немесе автоцистерна-жартылай тіркемелермен) мұнай өнімдерін тиеу пункттерінен межелі пункттерге дейін қауіпсіз әрі уақтылы тасымалдауды қамтамасыз ету (бұдан әрі – АТК).

2.2. Жұмыс тәртібі және қызмет көлемі

Қажет болған жағдайда тәулік бойы (24/7) жұмыс режимін қамтамасыз ету (демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, АТК-ның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету), сондай-ақ Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша тәулігіне кемінде 200 000 литр мұнай өнімдерін АТК-мен тасымалдауды қамтамасыз ету.

АТК-ның қауіпті жүктерді (мұнай өнімдерін) тасымалдауға рұқсат құжатының болуы.

Жүкті тасымалдауға дайындау.

Мұнай өнімдерін, оның ішінде РТ/ТС-1 реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды тасымалдауға жарамды, техникалық ақаусыз АТК-мен қамтамасыз ету.

Жөнелту орындарында (әуежайларда, мұнай базаларында және т.б.) мұнай өнімдерін АТК-ға қабылдауды жүзеге асыру.

Тасымалдау барысында межелі пунктке дейін жеткізілетін мұнай өнімдерінің сапасының нашарлауына және көлемінің қандай да бір азаюына жол бермеу. Мұнай өнімдерінің сапасы нашарлаған және/немесе көлемі қандай да бір мөлшерде азайған жағдайда, анықталған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде шығындарды өз есебінен толық өтеу.

АТК-ны бір реттік нөмірленген пломбалармен пломбалау және ілеспе құжаттарда пломба нөмірін көрсету. Өлшеу сыйымдылығы ретінде пайдаланылған жағдайда ғана аккредиттелген ұйымның пломбасы қолданылады.

2.3. Саны

Көлемі 20 000 литрден кем емес, мұнай өнімдерінің әртүрлі мөлшерін тасымалдау мүмкіндігі үшін бөліктері бар кемінде 5 бірлік.

2.4 АТК-ға қойылатын техникалық талаптар:

- АТК сертификатталған есептегіш арқылы құю мүмкіндігі бар зауытта орнатылған штаттық құю/төгу сорғысымен, сондай-ақ мұнай өнімдерін төгуге арналған диаметрі 75 мм болатын бірыңғай жылдам ажыратылатын қосылысы бар төгу келтеқұбырымен және /немесе шлангімен жабдықталуы тиіс;

- АТК мұнай өнімдерін жоғарыдан құюға арналған герметикалық жабылатын мойынмен және ең жоғары деңгейді көрсететін көрсеткішпен (автоцистерналарды, жартылай тіркемелерді және тіркемелерді тексеру және калибрлеу қызметтерін көрсету саласында аккредиттелген ұйымның пломбасымен пломбаланған өлшеу сызғышымен) жабдықталуы тиіс;

- Әрбір АТК бірлігіне қолданыстағы калибрлеу паспорттарының болуы;

- АТК техникалық тұрғыдан жарамды болуы, өзінің мақсатты арналуына сәйкес келуі, сондай-ақ жол жүрісі қағидаларының, қолданыстағы өрт қауіпсіздігі нормаларының (өрт сөндірудің бастапқы құралдары, құм, қауіпсіздік белгілері және т.б.) және Қазақстан

Республикасында қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының талаптарына (қызғылт сары түсті жарқылдауық маяктар, жергілікті хабарлау жүйелері және т.б.) сәйкес жабдықталуы тиіс, сондай-ақ жүргізуші жиынтығымен қамтамасыз етілуі қажет: медициналық дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш, авариялық тоқтау белгісі (жыпылықтайтын қызыл шам) және жарық қайтаратын кеудеше.

- АТК дайындаушы зауыттың конструктивтік-техникалық сипаттамаларына және Қазақстан Республикасының қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының конструкциясына, жабдықталуына және техникалық жай-күйіне қойылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

- АТК Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мемлекеттік тіркеуде болуы тиіс.

- АТК тіркеу құжаттарындағы мәліметтерге сәйкес келуі тиіс.

Қосымша отын бактарын орнатуға, сондай-ақ кабинада және жүк бөлігінде отынмен жұмыс істейтін жылытқыштарды пайдалануға тыйым салынады.

- АТК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № «ҚР ДСМ-5»бұйрығымен бекітілген «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.5. АТК жарақтандыру және жабдықтау:

Автокөлік құралдарын GPS-мониторинг жүйесімен қамтамасыз ету.

GPS-мониторинг:

- АТК GPS-мониторинг жүйесімен жабдықталуы тиіс.

- GPS жүйесі Тапсырыс берушінің объектілеріне және уақытқа міндетті түрде байланыстыра отырып, маршрут, қозғалыс жылдамдығы және техниканың отын шығыны туралы есептерді қалыптастыруы тиіс.

- Орындаушы Тапсырыс берушіге GPS жүйесіне онлайн қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ қызмет көрсету кезеңінің бүкіл мерзімі ішінде GPS жүйесінің деректер архивін сақтауға міндетті. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге қызмет көрсету кезеңінің бүкіл мерзімі бойынша GPS деректерінің толық тарихын ұсынуға міндетті.

- Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы қызмет көрсету кезеңінің бүкіл мерзіміне GPS платформасын Тапсырыс берушінің мониторинг жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етуге міндетті.

- Орындаушы GPS жабдығының жұмысына рұқсатсыз араласқаны немесе оның ажыратылғаны үшін жауапты болады. Орындаушы GPS-трекердің үздіксіз жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз етуге міндетті.

- Тахограф.Еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғысының болуы.

- Ұшқын сөндіргіштің болуы.

- Тұраққа қою датчиктерінің (алдыңғы/артқы) болуы.

- Бекіту белдіктері мен сырғанауға қарсы төсеніштердің болуы.

- Көрнекі таңбалау:АТК кабинасының ішінде және цистернаның сыртқы бөлігінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша өздігінен жабысатын жапсырмалар, сондай-ақ ҚЖХТКК (ДОПОГ) талаптарына сәйкес таңбалау мен айырым белгілері орнатылуы тиіс, оның ішінде алдыңғы және артқы жағында орналасқан екі тік қызғылт сары ақпараттық тақтайша. Аталған таңбалар уақтылы жаңартылып отыруы тиіс.

- Қызғылт сары түсті жарқылдауық маяктардың, сондай-ақ қауіпті жүктердің төгілуі немесе сыртқа шығуы жағдайларына арналған жергілікті хабарлау жүйесінің болуы.

- АТК шанағының сыртқы артқы бөлігінде жүргізуші мен АТК тарапынан орын алған бұзушылықтар туралы шағымдар мен хабарламаларды қабылдауға арналған телефон нөмірі көрсетілген, көлемі

А4 форматынан кем емес ақпараттық тақтайшаның болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

- АТК-ны авариялық жөндеуге арналған қол құралдарының жиынтығымен өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен (күрек, құм), қалта шамдарымен, сондай-ақ экипаждың әрбір мүшесіне арналған ашық түсті сигналдық арнайы киіммен (жарық қайтаратын кеудеше, күрте, комбинезон) қамтамасыз ету.

- Бейнетіркеу: Жол жағдайын және көлік құралының кабинасын бір мезгілде тіркеуді қамтамасыз ететін екі жаққа бағытталған камералары бар бейнетіркегіштің болуы.

- АТК артқа қарай қозғалған кезде автоматты түрде қосылатын дыбыстық сигнал беру құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

АТК Қазақстан Республикасы Жол жүрісі қағидаларының талаптарына сәйкес жабдықталуы тиіс.

3.1. Орындаушыға қойылатын талаптар:

- Орындаушы/Тасымалдаушының меншігінде және/немесе жалға алынған (не өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын) кемінде 5 (бес) бірлік АТК болуы тиіс.

- Кез келген уақытта Тапсырыс берушінің өкіліне Орындаушының қызмет көрсетуге арналған АТК-сын және оған тиесілі жабдықтарды техникалық ерекшелік (Шарт) талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен стандарттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында қарап шығуға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

- АТК мен оған тиесілі жабдықтар бойынша бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, Орындаушы ескертулерді 3 (үш) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті. Сәйкессіздіктер жойылмаған немесе уақтылы жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

- Шарттың талаптарына сәйкес жөнелту орындарында (әуежайларда, мұнай базаларында және т.б.) мұнай өнімдерін АТК-ға қабылдауды жүзеге асыру.

- Өз есебінен бір реттік нөмірленген пломбаларды сатып алуды және АТК-ны пломбалауды қамтамасыз ету, бұл ретте ілеспе құжаттарда пломбалардың нөмірлері көрсетілуі тиіс.

- Автомобиль жолдарымен жүру ақысын, сондай-ақ тиеу және жеткізу орындарындағы (әуежайлар, мұнай базалары және т.б.) өткізу режиміне байланысты барлық ілеспе шығыстарды (жүргізуші-экспедиторға және автокөлікке рұқсатнама, қауіпті жүк тиелген автокөлікті авиациялық қауіпсіздік қызметінің (ӘАҚҚ) алып жүруі және т.б.) өз есебінен төлеу.

- Тасымалдау барысында межелі пунктке дейін жеткізілетін мұнай өнімдерінің сапасының нашарлауына және көлемінің қандай да бір азаюына жол бермеу. Мұнай өнімдерінің сапасы нашарлаған және/немесе көлемі қандай да бір мөлшерде азайған жағдайда, анықталған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде шығындарды өз есебінен толық өтеу.

- Орындаушының жүргізушісінің мұнай өнімдерін қабылдау-тапсырудың барлық кезеңдеріне, атап айтқанда құю, төгу, төрелік сынамаларды іріктеу және кіріс бақылауын жүргізуге (мұнай өнімінің тығыздығы мен температурасын өлшеу, түсінің сәйкестігін, механикалық қоспалар мен судың болуын тексеру), сондай-ақ тасымалдауға қабылданатын мұнай өнімдерінің ілеспе құжаттарда көрсетілген саны мен сапасына сәйкестігін тексеруге қатысуын қамтамасыз ету.

- Жеткізу пунктінде мұнай өнімін санының және/немесе сапасының сәйкес келмеуіне, сондай-ақ мұнай өнімін қабылдауға арналған бос резервуарлардың болмауына байланысты қабылдаудан бас тартылған жағдайда, Орындаушы жүргізуші-экспедитордың кері рейске шығуы үшін қабылдаушы тараптан (кемінде үш адамнан тұратын комиссия құрамында) мұнай өнімдерін қабылдаудан бас тарту туралы актіні алуға міндетті.

- Тапсырыс берушіде жүк тасымалдарын автоматтандыруға арналған лицензияланған цифрлық платформа болған жағдайда, Орындаушы өз қызметкерлерін осы платформаға

тарту, олардың өз құрылғыларында аталған платформаны пайдалануын және Тапсырыс беруші талап ететін деректерді жүктеуін қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы қызметкерлерін оқытуды Тапсырыс беруші қамтамасыз етеді.

- Нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес АТК пайдалануға жауапты қызметкерлерді тағайындау.

- Орындаушы қызметкерлерінің жол жүрісі қағидаларын бұзуы жағдайында жауапкершілікте болу, оның ішінде келтірілген материалдық залалды өтеу.

- Қызмет көрсету барысында орын алған барлық жазатайым оқиғалар, бұзушылықтар және авариялар туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау.

- Тапсырыс берушінің жұмыс уақыты кезеңіне жеткілікті отын қоры бар АТК ұсыну, сондай-ақ өндірістік іссапарларға шығу кезінде ақылы автомобиль жолдарымен жүруге байланысты төлемдерді өз есебінен төлеуді қамтамасыз ету.

- Бақылау-техникалық пунктпен (БТП) және диспетчерлік қызметпен жабдықталған өндірістік базаның болуын қамтамасыз ету.

- Кейіннен цистернаға құйылатын отынның сапасын нашарлатуға бағытталған диверсиялық әрекеттердің алдын алу мақсатында АТК тұрақ орнының тәулік бойы күзетілуін қамтамасыз ету.

- Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған посттарды ұсыну.

- Тасымалдау кезінде қауіпсіздік техникасының талаптарын, жол жүрісі қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерін тасымалдау саласындағы қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңнамасының өзге де талаптарын сақтау.

- Медициналық ұйыммен шарт жасасу немесе штатында тиісті білімі бар, алкотест және есірткіге тестілеу құралдарымен жабдықталған, сондай-ақ медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар медицина қызметкерін ұстау арқылы жүргізушілерді рейс алдындағы медициналық куәландырудан өткізуді қамтамасыз ету.

- Ағымдағы және күрделі жөндеуді, техникалық қызмет көрсетуді, қосалқы бөлшектерді, агрегаттарды, автомобиль шиналарын, аккумуляторлық батареяларды және жанар-жағармай материалдарын ауыстыруды өз есебінен жүзеге асыру.

- АТК кабинасының ішінде және шанағының сыртқы бөлігінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша өздігінен жабысатын жапсырмаларды орнату және оларды уақтылы жаңартып отыру.

- АТК-ның рейс алдындағы және мерзімдік техникалық байқаулардан міндетті түрде өтуін қамтамасыз ету.

- Өндірістік персонал үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін сақтау.

- АТК-ны техникалық қызмет көрсетумен, қосалқы бөлшектермен және жөндеумен қамтамасыз ету.

- Тапсырыс берушінің талабы бойынша АТК-ны техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес техникалық қарап-тексеруге ұсыну.

- Өз персоналымен еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде еңбек заңнамасының талаптарын сақтау.

- АТК-ны мерзімдік тазалауды (булап тазартуды) жылына кемінде 2 (екі) рет (авиациялық отынды тасымалдау кезінде) тиісті растайтын құжатты ресімдей отырып қамтамасыз ету.

- Тапсырыс берушінің талабы бойынша бұзушылықтар немесе шағымдар болған жағдайда жүргізушіні ауыстыру.

- Қауіпсіз пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін АТК ұсынылған жағдайда, Тапсырыс беруші тиісті Акт жасайды және бұл Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісінше орындамау ретінде қаралады. Орындаушы Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша АТК ұсынбаған әрбір жағдайда Акт жасалып, онда ұсынылмаған күні, уақыты, АТК-ның маркасы/түрі көрсетіле отырып, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды. Орындаушы Актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Актіде «Орындаушы қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіліп, Тапсырыс берушінің өкілдері қол қояды.

- АТК жарамсыз болған жағдайда (бүлінуі, техникалық ақаулар, техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу қажеттілігі), Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша оны дәл сондай немесе баламалы АТК-мен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстыру мерзімі қызмет көрсету орнының орналасқан жеріне байланысты айқындалады. Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда АТК-ны дереу ауыстыру жүзеге асырылуы тиіс.

- Жүргізушінің мұнай өнімдерін қабылдау-тапсырудың барлық кезеңдеріне, атап айтқанда құю, төгу, төрелік сынамаларды іріктеу және кіріс бақылауын жүргізуге (мұнай өнімінің тығыздығы мен температурасын өлшеу, түсінің сәйкестігін, механикалық қоспалар мен судың болуын тексеру), сондай-ақ тасымалдауға қабылданатын мұнай өнімдерінің ілеспе құжаттарда көрсетілген саны мен сапасына сәйкестігін тексеруге қатысуын қамтамасыз ету.

- Жеткізу пунктінде мұнай өнімін санының және/немесе сапасының сәйкес келмеуіне, сондай-ақ мұнай өнімін қабылдауға арналған бос резервуарлардың болмауына байланысты қабылдаудан бас тартылған жағдайда, Орындаушы жүргізушінің кері рейске шығуы үшін қабылдаушы тарап жасаған (кемінде үш адамнан тұратын комиссия құрамында) мұнай өнімдерін қабылдаудан бас тарту туралы актіні алуға міндетті.

-Тапсырыс берушіде жүк тасымалдарын автоматтандыруға арналған лицензияланған цифрлық платформа болған жағдайда, Орындаушы өз қызметкерлерін осы платформаға

тарту, олардың өз құрылғыларында аталған платформаны пайдалануын және Тапсырыс беруші талап ететін деректерді жүктеуін қамтамасыз етуге міндетті (Орындаушы қызметкерлерін оқытуды Тапсырыс беруші қамтамасыз етеді).

- Қызметтердің құны осы техникалық ерекшелікке №1 қосымшаға сәйкес прейскурантта (бұдан әрі – Прейскурант) белгіленген тарифтерден аспауға тиіс.

- Табиғи, техногендік немесе әлеуметтік сипаттағы жағдайлар (төтенше жағдайлар, өндірістік авариялар, рұқсат етілмеген ереуілдер және өзге де мән-жайлар) туындаған кезде Тапсырыс беруші өндірістік және әлеуметтік міндеттерді шешу үшін көлікпен қамтамасыз етуді жедел ұйымдастыру мақсатында, техникалық ерекшелікте белгіленген жұмыс режиміне, АТК-ның техникалық жай-күйіне және өзге де талаптарды сақтай отырып, Орындаушының АТК-сын өз объектілеріне уақытша тартуды және пайдалануды талап етуге құқылы.

- АТК-ның уақтылы және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

- Нормативтік-техникалық құжаттаманың және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес АТК-ның тиісті техникалық жарамды жай-күйін қамтамасыз ету.

- Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, жол, өрт, өнеркәсіптік және санитариялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарын сақтау.

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті сақтандыру түрлерін (АТК иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру) жүзеге асыру, сондай-ақ қажет болған жағдайда қызмет көрсетуге байланысты тәуекелдерді айқындау және сақтандыру.

- АТК-ның жыл сайынғы міндетті техникалық байқаудан уақтылы өтуін және қызмет көрсету барысында регламенттелген техникалық қызмет көрсету жұмыстарын (ТҚК) жүргізуді қамтамасыз ету.

- Орындаушы персоналының Тапсырыс берушінің аумағында болуы Тапсырыс берушінің жұмыс режиміне және АТК ауысымдық жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

- Демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тәулік бойы жұмыс режимімен Тапсырыс берушінің объектілерінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету. Орындаушы барлық ресімделген өтінімдерді орындауға, сондай-ақ өндірістік қажеттілікті ескеруге міндетті, оған сәйкес Тапсырыс беруші қажетті шығу уақытынан 12 сағат бұрын жедел өтінімдер бере алады. АТК-ға қатысты жедел өтінім түскен кезде Орындаушы АТК-ны дереу, бірақ 12 сағаттан кешіктірмей ұсынуға міндетті.

- Қызмет көрсету барысында орын алған жазатайым оқиғалар, бұзушылықтар және авариялар туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлау.

- Тасымалданатын қауіпті жүкті залалсыздандыру құралдарымен, сондай-ақ экипаж мүшелері мен жүкті алып жүретін персоналды жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету.

- Авариялық карточкаға сәйкес жеке қорғаныс құралдарымен және арнайы құралдармен қамтамасыз ету.

- Мұнай өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылатын АТК-да Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген қауіпті жүктерді тасымалдауға көлік құралының жіберілгенін растайтын жарамды куәлік болуы тиіс.

- АТК жүргізушілері OPITO/RoSPA/IOGP/CEPA (GDC) стандарттарына сәйкес «Қорғанысты жүргізу» (Defensive Driving) курсы бойынша, сондай-ақ «Қысқы жүргізу немесе күрделі жағдайларда жүргізу» (қысқы жолдарда қозғалу, көктайғақ, қатты жел, тұман, нашар көріну, тәуліктің қараңғы уақыты) қосымша модулі бойынша оқытудан өтуі тиіс.

- Жүргізушілерде қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттардың болуы.

3.2. Орындаушыға және көрсетілетін қызметтерге қойылатын қосымша талаптар:

- Қызметтердің құны Шартқа №5 қосымшаға сәйкес прейскурантта (бұдан әрі – Прейскурант) белгіленген тарифтерден аспауға тиіс.

- Сауда-саттық қорытындысы бойынша қызметтердің жалпы құны төмендетілген жағдайда, Прейскурант әлеуетті өнім берушінің бастапқы баға ұсынысына сәйкес қызметтердің жалпы құны арасындағы айырмаға пропорционалды түрде өзгертілуге (төмендетілуге) тиіс.

- Сауда-саттық қорытындысы бойынша түпкілікті Прейскурант Шартқа №5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. Прейскурантқа тараптар қол қоюға және сатып алу жөніндегі электрондық шартқа ЭСЖАЖ-да (ИСЭЗ) қоса берілуге тиіс. Прейскурантқа сәйкес мұнай өнімдерін тасымалдау қызметтерінің құны Шарттың қолданылу мерзімі ішінде жоспарланған кемінде 2 795 036 литр көлеміне белгіленген (тіркелген) болып табылады және оған барлық қажетті салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер, АТК-ны жанармаймен қамтамасыз ету, отын кешендерінің, жеткізу базистерінің аумағына кіру/шығу шығыстары, сондай-ақ өзге де барлық шығыстар енгізілуі тиіс.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық актілер мен қосымша талаптар

4.1. Орындаушының жүргізушілері RoSPA/OPITO/IOGP стандарттарына сәйкес «Қорғанысты жүргізу» (Defensive Driving) әдістемесі бойынша оқытудан өтуге тиіс (оқудан өткенін растайтын құжаттар Шарт жасалған күннен бастап үш ай ішінде Тапсырыс берушіге ұсынылады).

4.2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі №476-II «Автомобиль көлігі туралы»Заңы.

4.3. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-XIII «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңы.

4.4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі № 446-II«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы.

4.5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидалары және көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер.

4.6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес АТК жүргізушілері арнайы киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.7. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығымен бекітілген «Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль көлігімен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес:

4.7.1. АТК келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

4.7.1.1. дайындаушы зауыттың конструктивтік-техникалық сипаттамаларына және Қазақстан Республикасының қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының конструкциясына, жабдықталуына және техникалық жай-күйіне қойылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес болуы;

4.7.1.2. тіркеу құжаттарындағы мәліметтерге сәйкес болуы;

4.7.1.3. нақты қауіпті заттар мен бұйымдарды тасымалдау кезінде Қауіпті жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы Еуропалық келісімнің (ҚЖХТКК/ДОПОГ) талаптарына сәйкес болуы;

4.7.1.4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 22066 болып тіркелген) «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес болуы;

4.7.1.5 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) Жол жүрісі қағидаларына, көлік құралдарын пайдалануға жіберудің негізгі ережелеріне, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық сызбалармен боялуға жататын жедел және арнаулы қызметтердің тізбесіне (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидалары) сәйкес болуы;

4.7.1.6. жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларымен (тахографтармен) жабдықталуы;

4.7.1.7. Жол жүрісі қағидаларының және ҚЖХТКК (ДОПОГ) талаптарына сәйкес айырым белгілерімен жабдықталуы;

4.7.1.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарына сәйкес жарамды құрал-саймандармен және жабдықтармен толық жинақталуы;

4.7.1.9. қажетті жағдайларда тасымалданатын қауіпті затты залалсыздандыру құралдарымен, сондай-ақ жүргізуші мен бірге жүретін персоналға арналған жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі;

4.7.1.10. қауіпті жүктің бақылаусыз төгілуі немесе сыртқа шығуы жағдайларында халықты хабардар етуге арналған жергілікті хабарлау жүйесімен жабдықталуы.

4.7.2. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік бірліктерінде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысандағы тік жазықтықта орналастырылған екі тікбұрышты қызғылт сары түсті тақтайша болуы тиіс. Оның біреуі көлік бірлігінің алдыңғы жағына, екіншісі артқы жағына бекітіледі.

Тасымалданатын қауіпті жүктерге немесе олардың қалдықтарына қатысы жоқ қызғылт сары түсті тақтайшалар алынып тасталуға немесе жабылуға тиіс. Тақтайшалар жабылған жағдайда, жабын тұтас болуы және 15 минут бойы от әсеріне ұшырағаннан кейін де өзінің қорғаныш қасиетін сақтауы тиіс.

4.7.3. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралына көлік құралын дайындаушы көздемеген қосымша отын бактарын орнатуға жол берілмейді.

4.7.4. Жүргізуші кабинасында отынмен жұмыс істейтін жылыту құрылғыларын (оның ішінде газ тәрізді отынмен жұмыс істейтіндерін) пайдалануға және оларды көлік құралының жүк бөлігінде орналастыруға жол берілмейді.

4.7.5. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралы мынадай жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс:

4.7.5.1. әрбір көлік құралына (автопоезд құрамына) дөңгелек өлшеміне сәйкес келетін кемінде екі доңғалақ тірегімен;

4.7.5.2. екі авариялық тоқтау белгісімен;

4.7.5.3. тасымалданатын қауіпті жүктерді залалсыздандыру құралдарымен;

4.7.5.4. көлік құралын авариялық жағдайда жөндеуге арналған қол құралдарының жиынтығымен;

4.7.5.5. қызғылт сары түсті жыпылықтайтын немесе тұрақты жарығы бар автономды қоректендіру көзінен жұмыс істейтін екі шаммен;

4.7.5.6. өртті сөндіруге арналған күрекпен және құм қорымен;

4.7.5.7. экипаждың әрбір мүшесіне арналған ашық түсті арнайы киіммен;

4.7.5.8. экипаждың әрбір мүшесіне арналған қалта шамымен;

4.7.5.9. авариялық карточканың нұсқамаларына және тасымалдау талаптарына сәйкес тасымалданатын қауіпті жүкті залалсыздандыру құралдарымен, экипаж мүшелері мен жүкті алып жүретін персоналға арналған жеке қорғаныс құралдарымен.

4.7.5.10. авариялық карточкада көрсетілген қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған арнайы құралдармен.

4.7.6. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

4.7.6.1. тиісті санаттағы жүргізуші куәлігінің болуы;

4.7.6.2. осы санаттағы көлік құралын жүргізуші ретінде кемінде үш жыл үздіксіз жұмыс өтілінің болуы;

4.7.6.3. белгіленген үлгідегі Қазақстан Республикасының аумағында қауіпті жүктерді тасымалдауға жүргізушінің жіберілгенін растайтын куәлігінің болуы.

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
					Автомобили		Министер				Утвержден и введен в действие Постановлением		

1	Иә	ГОСТ 21398-89	280256	Межгосударственный стандарт	грузовые. Общие технические требования		ство автомобильного и сельскохозяйственного машиностроения СССР ( )	15	Грузовики и прицепы	Действует	Государственного комитета стандартов Совета Министров СССР от 21.12.1989 г. № 3922	01.01.1991
2	Иә	СТ РК 1703-2007	338078	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Перевозка опасных грузов автомобильным транспортом. Оборудование транспортных средств. Общие	Настоящий стандарт устанавливает общие требования по оборудованию транспортных средств, применяемых при автомобильной перевозке опасных грузов. Требования настоящего стандарта предназначены для всех юридических и физических лиц Республики Казахстан, занимающихся деятельностью в сфере оказания услуг по	Нет ()	53	Дорожный транспорт	Действует	приказом председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахст	01.01.2009

					требования	автомобильной перевозке опасных грузов на внутренних и международных линиях, а также для аккредитованных органов по подтверждению соответствия, экспертов-аудиторов в данной области.					ан от 24 декабря 2007 г. № 691	
						Настоящий стандарт распространяется на автотранспортные средства категорий* M1, M2, M3, N1, N2, N3, O1, O2, O3, O4 (далее – автотранспортные средства), эксплуатируемые на автомобильных дорогах общего пользования Республики						

3	Иә	СТ РК ГОСТ Р 51709-2004	80815	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Автотранспортные средства. Требования к техническому состоянию по условиям безопасности движения. Методы проверки	Казахстан. Стандарт устанавливает: — требования к техническому состоянию автотранспортных средств (АТС), относящие-ся к обеспечению безопасности движения — предельно допустимые значения параметров технического состояния АТС, влияющих на безопасность дорожного движения и состояние окружающей среды — методы проверки технического состояния АТС в эксплуатации, техническом обслуживании и	ТОО « Научно-исследовательский институт транспорта и коммуникаций» (-)	96	Дорожный транспорт	Действует	Приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 18 ноября 2005 года № 404	01.09.2004

						ремонте.						
4	Иә	СТ РК 2524-2014	378722	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Автоцистерны для перевозки воды и технологических жидкостей. Технические условия	Настоящий стандарт распространяется на автоцистерны объемом от 8 до 16 м3, предназначенные для транспортирования морской воды и пластовых вод, нефти, нефтепродуктов, конденсата (кроме сжиженных углеводородных газов) и неагрессивных к материалам, из которых изготовлена автоцистерна, технологических жидкостей с плотностью не более 1,3 г /см3, в том числе, с насосом и без насоса на монтажной базе автомоби	Нет ()	0	Краны	Действует	Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 24 октября 2014г. № 219-од	01.01.2016

						льных шасси, соответствующих требованиям ГОСТ 21398.							
5	Иә	ГОСТ 12105-74	320154	Межгосударственный стандарт	Тягачи седельные и полуприцепы. Присоединительные размеры	МКС: 43.080.10 КГС: Д22	СССР (СССР)	16	Грузовики и прицепы	Действует	Утвержден и введен в действие Постановлением Государственного комитета стандартов Совета Министров СССР от 07.03.1974 г. № 561	01.01.1975	

4. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы №ҚР ДСМ-5 бұйрығы, «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар»Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы №ҚР ДСМ-5 бұйрығы, «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар»
2	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №460 бұйрығы, «Қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау қағидалары және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілген ережесі»
3	Әрекет ету тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы No 342 бұйрығы «Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған көлік құралдарының рұқсат етілген параметрлері»
4	«Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті 018/2011 (19.10.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

Қол қойған Ергарин Тимур Вильдосович

Қол қойылған күні 27.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1265541
способом Открытый тендер на понижение

Лот № 1 (12 У, 4565842) Услуги автомобильного транспорта по перевозкам нефтепродуктов автоцистернами или полуприцепами-автоцистернами

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "КазМунайГаз-Аэро"
Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "КазМунайГаз-Аэро"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	12 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги автомобильного транспорта по перевозкам нефтепродуктов автоцистернами или полуприцепами-автоцистернами, Услуги автомобильного транспорта по перевозкам нефтепродуктов автоцистернами или полуприцепами-автоцистернами
Дополнительная характеристика	Перевозка автоцистернами или полуприцепами-автоцистернами бензина и дизельного топлива
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, г.Алматы, г.Алматы
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора по (включительно) 12.2027
